

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Қаржы мониторингі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (бұдан әрі - Комитет) заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет саласында іске асыру және бақылау функцияларын орталық атқарушы органның құзыреті шегінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитеттің Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын және тарататын мемлекеттік мекеме нысанындағы заңды тұлға болып табылатын аумақтық бөлімшесі бар, оған Алматы қаласы бойынша комитеттің бақылауында және есеп беруінде тұрған Қаржы мониторингі департаменті (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) жатады.

Жұмысты тиімді атқару мақсатында Комитет аумақтық бөлімшенің заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет саласында қызметін жүзеге асыру мәселелері жөніндегі аумақтық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді, сондай-ақ аумақтық бөлімше өзіне жүктелген қызметті белгіленген тәртіппен атқаруын бақылауды жүзеге асырады.

5. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Комитет өз құзыреті мәселелері жөнінде заңнамамен белгіленген тәртіпте Комитет төрағасының немесе оның орнын алмастыратын адамның бұйрығымен ресімделетін жеке қолданыстағы құқықтық актілер шығарады.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Қаржы министрімен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысы бекітеді.

8. Комитеттің заңды мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11.

9. Комитеттің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мақсатында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері

13. Комитеттің негізгі міндеті заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстыруға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асыру болып табылады.

3. Комитеттің мүлкі

14. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлкі бар.

Комитетке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады, оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Комитеттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге де жолдармен билік етуге құқығы жоқ.

16. Комитетке заңнамамен белгіленген жағдайлар мен шегінде мүлікпен қолдану құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

17. Комитет аумақтық бөлімшеге басшылықты жүзеге асырады.

18. Комитетті Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Төрағаның Қазақстан Республикасы Қаржы министрі заңнамамен белгіленген тәртіпте қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

19. Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысын Комитет төрағасының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Төраға Комитет жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауап береді.

21. Төраға:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің аумақтық бөлімшесі мен құрылымдық бөлімшелері басшысының міндеттері мен уәкілдігін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлері мен аумақтық бөлімше басшысының орынбасарын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте тәртіптік жаза қолданады;

4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысына Комитеттің құрылымын және штат санын және аумақтық бөлімшесінің құрылымын бекітуге ұсынады;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) Комитеттің штат саны лимиті шегінде Комитеттің штаттық кестесін бекітеді.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Комитеттің қызметкерлерін және Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысын іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлық беру мәселелерін шешеді;

8) Комитет бұйрықтарына қол қояды;

9) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарда Комитетті білдіреді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге өкілеттікті жүзеге асырады.

22. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрі анықтаған оның орынбасарының бірі атқарады.

23. Комитеттің консультациялық кеңес беру органы болып табылатын алқасы бола алады. Алқаның саны және дербес құрамын Төраға бекітеді.

5. Комитетті қайта құру және тарату

24. Комитетті қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.